



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ  
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА  
GUMILYOV EURASIAN  
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2015»  
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

---

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
X Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2015»

---

PROCEEDINGS  
of the X International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2015»

**УДК 001:37.0**  
**ББК72+74.04**  
**Ғ 96**

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0  
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2015

Современная научная медицина берет из тысячелетнего опыта все ценное и рациональное, и отбрасывает все то, что может принести вред здоровью человека.

Итак, народное целительство казахов имеет очень богатую историю, ее корни лежат в глубокой древности и существуют на протяжении развития всего человечества, являясь национальной целительской силой. Народное целительство казахского народа развивалось на основе примеров искусства целительства Востока.

Казахские целительные практики привлекают богатым и разнообразным наследием, несущей в себе как спиритуализм (духовное) так и эмпиризм (практика). Тесно связанная с народной религиозной верой, казахская медицина отражает как доисламские традиции шаманизма, так и исламские практики. Шаманы и муллы служили как медицинские практики, которые боролись со злыми духами, считавшимися основной причиной болезни. Вместе с тем, эмпирические тенденции были также сильны в казахской медицине. Народные доктора лечили болезни, используя местные пригодные и доступные растения и продукты животных. Переходя от поколения к поколению знания, накопленные более сотни лет, пополнялись информацией о средствах лечения из Китая, Тибета, Индии и Ближнего Востока по Великому шелковому пути.

1. Биртанов А.Б., Биртанов Е.А. «История медицины Казахстана». А.: «Санат», 1998. – С.280.
2. Кожалымов З. «Целительская традиция и философия». Монография. – Алматы: «Шалкоде», 2010. – С.210.
3. Тлеукабылулы О. «Трактат о целительстве». – Алматы: Жалын, 1996. – С.463.
4. Оразаков Е. «Казахская народная медицина». – Алматы: Гылым, 1989. – С.77.
5. Полная энциклопедия народной медицины. Том 2. – Москва: АНС. – С. 795.

ӘОЖ 929

## **ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВТІҢ КЕҢЕСТІК МЕМЛЕКЕТ ҚҰРУ ЖОЛЫНДАҒЫ САЯСИ ҚЫЗМЕТІ**

**Кәрібекова А.Ж.**

Астана қ., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
тарих мамандығының 2-курс магистранты

**Ғылыми жетекші: т.ғ.к, доцент Сейтказина Қ.О.**

Большевиктер партиясы билікке империядағы ұлт-азаттық қозғалыстың өрлеу сәті келді. Ал қазақ қоғамындағы бұл қозғалыстың негізінде жер үшін күрес, яғни орыс шаруаларын қоныстандыру арқылы қазақтарды құнарлы жерлерінен ығыстыруды тоқтату және ұлтқа өзін – өзі басқару мүмкіндігін беру сияқты іргелі талап-тілектер жатты. Анығырақ айтқанда, мұндағы азаттық қозғалыс таптық мазмұн емес, ұлттық сипат алды.

Темірбек Жүргеновтің саяси қызметінің бастау алуы 1918 жылдағы Жер өлшеушілер училищесінен кейінгі уақытпен тұспа-тұс келеді. Бұл мәліметті ол өзінің өмірбаянында келтіреді. Осы жылдың қазан айында Ырғыз бойындағы Кеңес үкіметінің қайта қалпына келтіру жұмыстары кезінде Бәймен Алманов, Иван Кисилевпен қатар Темірбек Жүргенов та белсенді жұмыстар атқарды. 1918 жылы Темірбек Жүргеновтің ұйымдастыруымен қазіргі Қызылорда облыстық баспаханасының үйінде коммунистік жастар үйірмесі ашылды.

1919 жылы Ырғыз уезіндегі Кенжеғара болысының ревкомы төрағасының орынбасары біраздан соң, төрағасы болып қызмет атқарады. Осы кезде жастар ұйымын құруға ат салысады. Алғашқы жиналысы 1920 жылдың 26-қазанында өтеді де, онда комсомол ұйымының нақты мақсаттары анықталады: «алдымызда үлкен міндеттер тұр, сол міндеттердің бірі – Қарабұтақ ауданын да осы ұйымға қоса қамту керек» - деп көрсетеді [1]. Жиналыстың келесі мәжілісінде бюро мүшелерінің құрамы сайланып, олардың атқаратын

қызметі белгіленеді. Жалпы жиналыста Ырғыз уезінің коммунистік жастар одағының төрағасы етіп қабілетті жетекші Темірбек Жүргеновті бірауыздан сайлайды. 1920 жылдың 10-желтоқсанында Өлкелік комсомол ұйымының бюросына жолдаған телеграммасында Темірбек Жүргенов жаңа құрылған ұйымның жұмысы жайында нұсқаулар, алуға көмектесуін, ол жерде 30 адам комсомол мүшелігіне өткенін хабарлайды.

Темірбек Жүргенов Қазақстан өлкелік комсомол бюросына жазған есебінде, өзінің №33 мандатпен келіп Ырғызда комсомол ұясын ашқаны, мұндағы атқарылған істерді сөз етеді. Барлық жұмыстарды тиянақты атқару арқасында Ырғыз уезінің еңбекші жастары Темірбек Жүргеновті бүкіл Қазақстандық жастар одағының бірінші конференциясына делегат етіп сайлайды. Азамат соғысы жылдары Қазақстанда саяси жағдай қайтадан шиеленісе түсті. Антанта қолдауына сүйенген ақ гвардияшылар Торғай мен Ақтөбені басып алды. Нақ осы ауыр жылдарда Темірбек Жүргенов Кенжеқара облыстық төңкеріс комитетінің төрағасы болып жұмыс істеді. «Ақ бандылар отрядтарының қалдықтарын құрту жөніндегі жауынгерлік тапсырманы ол тікелей Әліби Жангелдиннің тапсыруымен орындап отырды», - деп жазады Т.Жүргенов серіктерінің бірі А.Сыдықов [2].

1920 жылы Темірбек Қараұлы Ырғыз уездік төңкеріс комитетінің төрағасы қызметін атқарған жылдары Ырғызда қарамағында 30 жұмысшысы бар милиция тобының жетекшісі де болған, ал 1921 жылы уездік Кеңес атқару комитетінің төрағасы қызметінде болады. Алайда рушылдық, жікшілдік келеңсіздіктер оқығансымық алғаш төрелердің әділетсіздігі өресіндегі қақтығыстың біреуі Темірбек Жүргеновке қатысты даорын алады. Алап, айтқанда, 1921 жылы сәуірде Қырғыз облыстық партия бюросының пленумында шығып сөйлеген Ырғыз уездік атқару комитетінің төрағасы Т.Жүргенов уездегі қазақ коммунистері тарапынан орын алған аяқтан шалу, етектен тарту әрекеттеріне енді шыдамайтынын айтып, өзін қызметтен босатуды сұрайды. Ол өзінің өмірбаянында: «Ырғыз уезі таратылған бойда, 1921 жылы оқуға кеттім», - деп жазады. Айтып отырған оқуы – Орынбордағы жұмысшылар факультеті.

Көптеген Т.Жүргеновті зерттеушілердің назарына түспеген ерекше оқиғалардың бірі – оның большевиктік партия қатарынан шығуы. 1925 жылы іскер ұйымдастырушы ретінде облыстық партия комитеті Ә.Жангелдинмен бірге Адай округіндегі НКВД қарамағына қызметке жіберуге шешім қабылдайды. Алайда, Т.Жүргенов оған баруға өзінің денсаулығының жарамайтынын, дәрігер А.В.Райбштейннің берген дәрігерлік қорытындысын ұсынады. Анықтамада Т.Жүргеновтің екі өкпесінің, оған қоса екі аяғының буыны ауыратынын көрсетіп қол қойып, мөрін басқан. Комиссия мүшелері дәрігердің қорытындысына қарамастан, Адай округіне баруды талап етеді. Т.Жүргенов 1922 жылдың 16 қарашасында және 4 желтоқсандағы арызымен өзін партия қатарынан шыққан деп есептеуін сұрайды. Облыстық партия комитеті 1922 жылдың 8 желтоқсанында «Т.Жүргеновтің партиялық қылмыстық ісі» қаралып, оны партия мүшелігінен өзінен-өзі шыққан деп есептелсін», – деп шешім шығарған. Қызыл партияның қызулы күндерінің өзінде өз ойын ашық айтып, партия мүшелігінен шығуы батыллықтың бір көрінісі [3].

1923 жылы ол В.И.Ленин атындағы Орта Азия университетінің экономика факультетіне студент болып қабылданады, оны 1927 жылы үздік бітіріп шығады. Атақты профессор Н.Н.Филатов студент Темірбек жайында: «Темірбек көп шәкірттің ішінде елден ерекше, басқа студенттерден ала-бөтен зерек, алғыр, ұйымдастырушылық, ізденушілік қабілетінің молдығын білдіреді», - дейді [4].

Осы жоғары оқу орнында оқып жүрген кезінде Т. Жүргеновтің таланты ашылып, күллі Түркістанға танымал қайраткер дәрежесіне жетеді. Сол жылдарда бірнеше қызметті қатар атқару, мемлекет және шаруашылық мекемелерінің жұмысына жоғары оқу орындары мен техникумдарда оқитын, тәжірибелі, сенімді студенттерді тарту мамандардың жетіспеушілігінен туған бір үрдіс еді. Екінші семестрден бастап, Темірбек Жүргенов те университеттегі оқуынан қол үзбей жауапты қызметке - 3-4 жыл қатарынан Қазақ АКСР-інің Түркістан Республикасындағы өкілетті уәкілі міндетін, соңғы курста Қазақ педагогикалық институтының ректоры қызметін қоса атқарады. Қазақстан мен Түркістан Орталық Атқару

комитеттеріне мүшелікке сайланады. Сонымен қатар, ол көптеген облыстық, республикалық, өлкелік мәслихаттар мен пленумдарға делегат ретінде қатысады. Сол кезеңнің басты мәселесі – Орта Азия мен Қазақстанның ұлттық-мемлекеттік шекарасын межелеу ісіне белсене араласып, Қазақстанның іргесін кеңейтуге және ұлттық жағынан тұтастануына студент болса да зор үлес қосады. Оқуды мемлекеттік және қоғамдық үлкен қызметпен қоса қабат жүргізу, болашақ заң қызметкерінің оқу үлгерімін одан әрі жақсартып, құқық, саяси экономика, тарих ғылымдарына шындап ден қойып, статистикалық, демографиялық зерттеулермен айналысуына көмектеседі. Ол Қазақстан және Түркістан Орталық Атқару Комитеттеріне мүше болып сайланады, облыстық, өлкелік және республикалық деңгейдегі ұйымдар өткізген конференциялар мен пленумдардың делегаты ретінде танылды. Сол кезеңнің басты мәселесі – Орта Азия мен Қазақстанның ұлттық-мемлекеттік шекарасын межелеу ісіне белсене араласып, Қазақстанның іргесін кеңейтуге және ұлттық жағынан тұтастануына студент болса да зор үлес қосады. Оқуды мемлекеттік және қоғамдық үлкен қызметпен қоса қабат жүргізу, болашақ заң қызметкерінің оқу үлгерімін одан әрі жақсартып, құқық, саяси экономика, тарих ғылымдарына шындап ден қойып, статистикалық, демографиялық зерттеулермен айналысуына көмектеседі. Темірбек Жүргеновке жүктелген жауапты міндет оның қашанда Қазақстанда және Түркістанда қандай өзгерістердің болып жатынын жақсы біліп отыруын талап ететін еді.

1924 жылға дейін Орта Азия мен Қазақстанды мекендеген халықтар патшалық Ресей заманында қалыптасқан аумақтық бөлініс бойынша өмір сүріп келді. Негізінен қазақтар мекендеген Сырдария мен Жетісу облыстары бұрынғысынша Түркістан Республикасына қарады. Сөйтіп екі республикаға бөлінген тұтас халқының арасында мәдени, саяси экономикалық байланыс әлсіреді. Өзбек, тәжік, түркімен, қырғыз, қарақалпақ халықтары да осындай күйде болған еді. Осы жағдайды ескере отырып Бүкілодақтық Атқару комитеті Орта Азия мен Қазақстанда ұлттық – республикалық шекараларды қайта белгілеу жөнінде шешім қабылдады. Ең өзекті, көкейкесті мәселені сын сағатта Темірбек Жүргенов Орта Азия мен Қазақстан тарихын, ондағы этникалық процестерді, экономикалық – шаруашылық және мәдени даму үрдістерін мұқият зерттеп, статистикалық – демографиялық материал жинап, арнаулы әдебиет, архив құжаттарына ден қояды. Осы зерттеулер негізінде 1924 жылы «Орта Азия республикасындағы қазақ халқының күйлері» атты тарихи-этнографиялық очерктерін жариялайды. Очерктердің басты тақырыбы – Орта Азияны мекендейтін қазақтардың таралу, орналасу, экономикалық, тұрмыстық, мәдени жай-күйі болды. Бұл еңбегінде Түркістан АКСР тұратын қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен мәдени дәрежесіне жалпы сипаттама береді. Автордың пікірінше, қаймағы бұзылмаған ескі шаруашылық жағдай, париархалдық-феодалдық қоғам сарқыншақтары, сауатсыздық халықты жаңа өріске шығаруда үлкен қолбайлау туғызу анық көрініс берген. Сондай-ақ қазақтардың қарақалпақтар, қырғыздар, өзбектер, түрікмендер және Орта Азияның басқа да халықтарымен этникалық және мәдени байланыстарын ашады. Соның ішінде автор бұл халықтардың құрамында ортақ рулар, ру бөліктері бар екендігін атап көрсетеді [5].

Университетте оқып жүріп-ақ, Т. Жүргенов баспасөз беттерінде көптеген зерттеулері мен мақалаларын жариялайды. Оның еңбектерінде қазан төңкерісі қарсаңындағы Орта Азия мен Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, саяси және демографиялық жағдайы, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің алғы шарттары мен қозғаушы күштері, социалистік мәдениеттің дамуы туралы пікірлері қарастырылған. Мәселен, «1916 жылғы қазақтар көтерілісі кезіндегі қала мен ауыл», «Қазақ университетін құру жөнінде», «Мектептің түрі, тілі туралы», «Қазақстанның ақындары мен жыршылары» деген еңбектері Т. Жүргеновтің зерттеушілік қабілетін жоғары екенін көрсетеді. Оның «СССР мен Қазақстанда әкімшілік және шаруашылық жағынан аудандарға бөлу мәселесі» деген тақырыпта жазылған диплом жұмысы айрықша бағаланып, 1927 жылы Қызылорда қаласында жарық көрді. Бұл жұмысында ол, Қазақстанды аудандарға ескі болыс, румен емес, республиканың экономикасына байланысты бөлуді ұсынады, мысалы: 1) жартылай көшпелі; 2) орташа көшпелі; 3) егіншілікпен айналысқандарды бөлек бөлуді ұсына отырып, қазақ ауылын орыс

деревнясымен салыстырып қараушыларға, оларды бірдей деушілерге тойтарыс береді. Қазақ ауылы бай атаның, би кісінің атымен аталатынын, үлкен руларды ауданға, болыстарға бөліп қосу ауылды Кеңестендіруге көп көмек көрсететінін сөз етеді. Студент кезінде Т.Жүргенов Түркістан республикасындағы Қазақстан өкілдігінде жұмыс істей жүріп Орта Азияны ұлт тұрғысынан межеллеу комиссиясына қатысады. Нәтижесінде «Орта Азия мен Қазақстанды ұлтты-территориялық жағынан межеллеу» - деген кітап дүниеге келді. Еңбек Түркістан республикасының жер шегін айырып беруге үлкен үлес қосты. Автор өз еңбегінде генерал-губернатор Куропаткиннің қан-құйлы қара ниетін әшкерелейді. Патша өкіметінің соңғы 12 жылында небәрі 6215 бала оқығанын, ал төңкерістен кейін қазақ даласында білім көздері біршама ашылғанын сөз етеді.

30-жылдары Кеңес мемлекетінде шығыс халықтарының тілі мен әдебиетін, тұрмысы мен салт-дәстүрін жақсы білетін мемлекеттік қызметшілер, білімді азаматтар аз болатын. Әсіресе мұндай білікті қызметшілерге жаңадан құрылған Тәжік автономиялы республикасы мұқтаж еді. Осы жылдартуралы «Правда» газетінде: «Таджикстан был «полузаброшенной» пустыющей страной, где «каждая провинция» представляла собой изолированный мирок», где грамотными было не было 1% населения. Отсутствовала какая-либо связь между различными провинциями, совершенно не было дорог, все прежние караванные и вьючные.... Способы сообщения пришли в полный упадок. В республике не было «не только никакого подобия городских поселений, но и даже... ни единого европейского здания, если не считать нескольких армейских казарменных строений в Душанбе...!», - деген мақала жарық көрді. Қиын әлеуметтік-экономикалық, шаруашылық күйзелісте тұрған жас республикаға орталықтың көмегі қажет болды. Орталық комитет пен Кеңес үкіметі Тәжікстанға көмек көрсету мақсатында экономикалық, өндірістік және мәдени қажеттіліктеріне арнап көптеп қаржы бөлді. Республика үкіметінің шақыруы бойынша Тәжік АКСР-ына дәрігерлер мен мұғалімдер, инженерлер мен техниктер, агрономдар және басқа да мамандар келді.

БКП(б) Орталық Комитеті Ортаазиялық бюросының қаулысы бойынша 1929 жылы Т.Жүргенов Тәжікстанға жіберіледі. 1929-1930 жылдары Т.Жүргенов Тәжік АКСР-ның Орталық Статистикалық Басқармасының бастығы қызметін атқарады. 1929 жылдың аяғында Тәжік АКСР-ның мемлекеттік құрылымын Тәжік КСР-і етіп өзгерту жөніндегі құрылған комиссия құрамына қатынасып, өзі басқарып отырған статистикалық басқармадан тағыда 4 білікті маманды комиссия құрамына қатыстырады. Т.Жүргеновтің бұл әрекеті Тәжік КСР-ін қалыптастыруда жергілікті халықтың өкілдері қатысып, тарихи оқиғаның жасаушылары қатарында болғандығын қалағанынан болса керек. Орталық Статистика басқармасының басшысы болып жүрген уақытында Тәжік елінің әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси жағынан тұрақтануына, мемлекеттік аппарат қызметтерінің қалыптасып, жүйелі жұмыс жүргізуіне зор еңбек сіңірді [6].

Темірбек Жүргенов Түркістан Республикасында Қазақстан өкілі болып тұрған кезінде де қызмет бабымен Тәжікстанға жиі барып, жергілікті халықтың тұрмыс-тіршілігінен, экономикалық хал-ахуалынан жақсы хабардар еді. Т. Жүргеновтің ескі өзбек және тәжік тілдерін жақсы білуі оның жергілікті халықпен араласуын көп жеңілдетті. Тәжік КСР-інде Т.Жүргенов бұрынғысынша ғылыми зерделенген мақалалар жазып, мемлекеттік істердің ресми құжаттарын әзірлеп, көптеген жиналыстар мен үкімет отырыстарында тәжік тілінде баяндамалар жасап, шығармашылық интеллегенция өкілдерімен байланыс орнатып, қоғамдық өмірде барынша белсенді қызметін жалғастырды.

Т.Жүргеновтің Тәжікстандағы қызметі республика өміріндегі аса маңызды оқиғалармен тұспа-тұс келді. 1929 жылы Тәжік АКСР КСРО құрамына кіріп, одақтас республиканың біріне айналды. Бұл жылдар Тәжікстан үшін экономикалық және мәдени тұрғыдан көтерілу, серпілу кезеңі болды. Әсіресе, индустрияландыру ісі өрге басып, бұрынғы мақта тазарту зауыттары жаңғыртудан өтіп, жаңадан салынды. Душанбеде жібек түтетін фабрика, Ходжентте жібек комбинаты және тамақ өнеркәсібі орындарын салу басталды, кен өндіру өнеркәсібі мен құрылыс материалдары өнеркәсібі жолға қойылды. Осы кезеңде Варзоб ГЭС-

інің бірінші кезегінің құрылысы аяқталды. «Этoбыл игoдына лaживaния эkономики крaя, вoсстaнoвления и стрoительствa прoмышлeнных прeдпpиятий, пoдъeмa сeльскoгo хoзяйствa, сoциaльнo-кyльтypнoгo yрoвня жизни. Рaбoтaя в Тaджикстaнe дo 1930 гoдa, Т.Жyргeнoв стрeмилcя рeшить вoпpocы финaнсирoвaния c нaибoльшeй oтдaчeй для дocтижeния пocтaвлeнных зaдaч пeред рeспyбликoй» [7]. Т.Жүргeнoв қаржы халық комиссары ретінде оқу ағарту, білім, мәдениет ошақтарын көбейтуге айрықша көңіл бөліп отырды. Материалдық көмектің талан-таражға түспей, тиісті жеріне жетуін бақылап отыратын арнайы комиссия құрып, оған өзі басшылық етті.

Орталық Статистика басқармасының басшысы қызметінде абыройлы жұмыс жүргізіп, таза әрі әділетті еңбек ете білген Т.Жүргеновті, 1930 жылдың сәуір-мамыр айларында Тәжік КСР-ның Қаржы халық комиссары етіп тағайындайды. Т.Жүргеновтің бұл қызметке тағайындалуы оның қаржы-экономикалық саладағы біліктілігі мен даярлығы өз септігін тигізсе керек. Қаржы халқы ретінде елдің экономикалық тұрғыдан өсуіне мүмкіндігінше мол қаражат бөліп, жергілікті ұлт өкілдері жастарының Кеңес мемлекетінің білімі мен ғылымы шоғырланған ірі орталықтары Мәскеу, Петербор, Томск, Ташкент секілді қалаларда білім алып, жоғары білікті маман болып қалыптасуына үлкен еңбек сіңірді.

1930 жылы БКП(б) Орталық Комитеті Т.Жүргеновті Тәжікстаннан шақырып алып, Өзбекстанға жұмысқа жібереді. Ол мұнда Халық ағарту комиссары болып тағайындалады. Себебі, бұл жылдары Өзбекстанда мәдениет, идеология саласындағы жағдай мүшкілдеп кеткен еді. Партия әйелдің бас бостандығын көздеген «худжум» қозғалысын жариялады, бұрынғы ескі әдет-ғұрып сарқыншақтарына қарсы күрес, паранжа мен чимматқа қарсы жаппай шабуыл ел ішінде бұларға қарсы ұйымдар туғызды. Көрнекті өзбек ақыны Хамза Хаким-заде Ниязиге өзбек әйелдерін бетін бүркемей, жасымай, надандыққа қарсы тұрып, білім-ғылымға ұмтылуына шақырған «Өзбек әйелдеріне» деп жазылған өлеңі үшін талай қастандық та жасалды [8]. Т.Жүргеновтің қатысуымен бірталай мәдени іс-шара іске асты. «Он уделяет огромное внимание развитию узбекского театрально-музыкального искусства, поддерживая созданные в 1929 году первый узбекский музыкально-драматический театр и Государственный театр драмы им. Хамзы, которые стали в последствии ведущими театральными коллективами республики. При активном содействии Т.Жургенова в 30-годы открывается целая сеть театров по республике – в городах Бухаре, Самарканде, Фергане, Намангане, в многочисленных колхозах и совхозах. С 1931 года в республике работает Русский театр Советской армии Туркестанского военного округа, с 1933 года – Русский драматический театр в городе Самарканде. Появляется и театр для детей и юношества, таким образом можно сказать, что происходит настоящий «театральный взрыв», в организации которого непосредственное участие принимает Т.Жургенов» [9].

Темірбек Қараұлы көркемөнер саласына да көңіл бөліп, жас таланттардың көрінуіне қамқорлық жасайды. Оның тікелей қатысуымен 30-жылдары О.Таңсықбаев, Л.Абдуллаев тәрізді қылқалам шеберлерінің таланттары ашылды. Сондай-ақ Т. Жүргенов басшысы болып табылатын Халық ағарту комиссариатының ұйытқы болуымен 1932 жылдың бастап Мәскеуде Өзбекстан суретшілерінің жыл сайын өтетін көрмесі ұйымдастырылады.

1933 жылы Қазақстан Өлкелік комитеті Темірбек Жүргеновті республика Халық ағарту комиссары қызметіне шақырды. Ол бұл ұсынысты қабыл ала отырып, республика басшысы Левон Мирзоянға үш шарт қойған. Бұл жөнінде жазушы Жайық Бектұров былай деп еске алады: «Біріншіден, дейді Темкең, мені байдың баласы деп қазақ жігіттері қудаламайтын болсын, екіншіден, жергілікті ұйымдар жұмыста санасу үшін мені Өлкелік партия комитеті бюросының құрамына өткізіндер, үшіншіден, Халық ағарту комиссариатының бюджетіне берілген қаржы-қаражат түгелдей өз билігімде болсын. Бүгін не ертең алдымен не қажет, соған еркін жұмсау үшін керек», - деп өз талабын алға қояды» [10]. Мұндай талаптар уақыт тынысынан туындаған еді. Қазақ даласы Голощекин тұсындағы солақай басшылық, шолақ белсенділіктен енді есін жиып жатты. Жаңарған басшылықтың ендігі міндеті – тозығы шыққан халықтың еңсесін көтеру, күйзелген шаруашылығын түзеу, жаңа жүйеге деген бұрынғы сенімін қалпына келтіру болатын. Сондай-ақ кеткен кемшілік себебін алға жаю да



осы міндеттің ішіне кірді. Кеңпейіл қазақ мінезі өзіне жасалған сорақы қаскүнемдікті де кешті. Бұқара халық тағы да уәде етілген «жарқын болашаққа» үмітпен қарай бастады.

#### **Қолданған әдебиет:**

1. ҚР ОМА, 160-қор, 45-тізім, 13-іс, 6-парақ
2. Сыдықов А. Т. Жүргенов – Советтік Қазақстан мәдениетінің көрнекті қайраткері. Ғылыми қолжазба. Алматы, 1966. Б.84-85
3. Дайрабай Т. Жүргеновтер әулетінің ақиқаты // Сыр бойы 2014, 26 сәуір. №8
4. Иманғалиев Б. Қазақ мәдениетіндегі кесек тұлға // Қазақ тілі мен әдебиеті №5-6, 1999
5. Жүргенов Т. Таңдамалы. Избранное. – Алматы: Арыс, 2001. -275 б., 266 б.
6. Оразбақов А., Еңсепов Б., Ибраев У. Темірбек Жүргеновтің Тәжік еліндегі қызметі // [www.syrboyi.kz](http://www.syrboyi.kz)
7. Утеғалиева А. Культурная революция Казахстана в 30-е годы и Т.Жургенов. Дисс.насоиск.учен.степ.канд.ист.наук. – Алматы, 1996. С.58.
8. Караниязов Т. Советтік Өзбекстан мәдениеті тарихының очерктері. М.,1955. 61 бет.
9. Садыкова А.Е. Роль Т.Жургенова в развитии национальной культуры и искусства Казахстана в 30-е годы // Матер.международ.научн.-практ.конф., 19-20 апреля 2002, т.2. – Алматы: 2002, с. 67-71.
10. Бектұров Ж. Нәубет. Алматы, 1990. 146 б.

ӘОЖ 340

### **ТҮРКІ ҚАҒАНАТЫНЫҢ ВИЗАНТИЯ МЕМЛЕКЕТІМЕН ҚАРЫМ – ҚАТЫНАСЫ**

**Қуандықов Серғазы**

[Kuandikov.sergazy@bk.ru](mailto:Kuandikov.sergazy@bk.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, тарих факультетінің 4 курс студенті

**Ғылыми жетекшісі т.ғ.д., профессор Т.С.Садықов**

Л.Н. Гумилев Түрік қағанатының сыртқы қарым – қатынасындағы негізгі факторы – Ұлы Жібек жолы екендігін айрықша көрсетеді. Ұлы Жібек жолының сыртқы саясаттағы маңызын негізінен екі бағытта көрсетуге болады.

Жібек саудасы.

Сауда жолының геостратегиялық маңызы.

Жібек саудасының маңызын Л. Н Гумилев былайша көрсетеді: “ VI –ғасырда жібек валюта болды. Византияда алтын, асыл тастармен қатар бағаланды. Жібекке Византияда одақтас тапты, жалдамалылар жалдады, құл және кез – келген тауарды сатып алды. [ 1 ]

Жібек маталарын сатып алушы Византия еді. Иран, Византия империясында, әсіресе, Сирия мен Египетте жібек матасын шығару жоғары дәрежеде дамыды. VI ғасырда Византияда, Иранда өзіндік шикізат көзі пайда болды. [ 2 ]

Сонымен өте қайшылықты геосаяси картина қалыптасты. Бір жағында жібекке зәру Византия империясы, саяси ойынға үшінші ойыншы сасанидтік Иран кіріседі. Себебі: Византияны осынау аса бағалы матамен жабдықтайтын күре тамыр Солтүстік Иран үстімен өтетін, сол себепті де сасанидтер үкіметті керуен саудасын бақылауды бір сәтте өзқолынан шығарған емес. Шикі жібектің басым бөлігінен өңдеу үшін өздеріне қалып, ирандықтар өз бұйымдарын өздері қойған бағамен батыс елдеріне әрдайым сатып тұруға зор мүмкіндік алынады.

Жібек саудасы енді пайда түсіруші тауар көзінен экономикалық саяси кіріптар қылушы құралға айналады. “ Византия империясын әлсірету үшін парсылар әлбетте тауар айналымын ұлғайтуға емес, Византидан ақшаны саумалап, неғұрлым көп алып, оны саяси